

Оңтүстік өлке дәрілік өсімдіктеге өте бай. Далалы жерлерде, тау бектерінде, шөлейтті аймақтарда өсетін шөптер мал азығы ретінде де үлкен мәнге ие. Түрлі дәрумендерге бай шөптермен қоректене-тін малдың еті де, сүті де өте пайдалы. Өнірдің климаттық жағдайы да жайылымдық мал азықтық шөптерсін өсімдіктегі табиғи экожүйелерінің қарқынды өсіп-өнуіне, дамуына оң әсер етеді.

Оңтүстікте кездесетін бұршақ түкимдас өсімдіктер өкілдерінің көп белгілі малазықтық өсімдік ретінде, сондай-ақ жайылымды жақсарту үшін қолданылады.

Л.Я.Курочкина және басқа да авторлар бұршақ түкимдастарының кейбір перспективалық түрлерінің малазықтық маңызын зерттеп, оларды қорғау қажеттілігін көрсетті. Бул өсімдіктің «Astragalus» деп аталаты-

# Дәрілік өсімдіктеге бай өлке

ны дәрілік өсімдікке жатады. Соңғы жылдары бұл өсімдік заманауи медицинада жүрек-қан тамырлары, онкологиялық, гепатит ауруларын емдеуге арналған дәрілік шикізат ретінде қолданыла бастады. Сондай-ақ, қа-бынуға қарсы да жиі қолданады.

Ол адаптивті сипаттағы морфологиялық және анатомиялық белгілері бойынша алуан түрлі болып келеді. Бұршақ түкимдарының маңызды бейімделу қасиеттерінің бірі – олардың қаттылығы. Түкимның қаттылығы екі негізгі қызметті орындаиды: түкимның тыныштық жағдайын өнімділікті қолайлы көзенге дейін қамтамасыз ету, сонымен қатар топырақта түкимның «резервтік қорын» құру.

Аймақтағы дәрілік өсімдіктегін ауыл шаруашылығы үшін маңыздылығы – өсімдіктің жер үсті массасы-

ның үлестік мәлшері мен олардың түкімінан алынатын жоғары өнімділік.

Оңтүстік аймақ экожүйелерінің динамикасы таңқаларлық. Мұнда шөл мен дала тепе-тендігі бар. Ауыл шаруашылығы саласын дамыту мақсатында дала мен шөлді дала экожүйелерінің ерекшеліктерін тиімді пайдалану қажет.

**Г.ЕЛІБАЕВА,**

**М.Әузев атындағы ОҚУ-дың аграрлық факультетінің деканы, биология ғылымдарының кандидаты,**

**Б.МЫРЗАБАЕВ,**

**ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты,**

**Г.ЕСЕМБЕКОВА,**  
**ага оқытушысы.**